

«Бекітемін» _____

№ 6 «Көктем» балабақшасының
меңгерушісі В.С.Капарова

« 02 » _____ 09 . 2024ж

Астана қаласы әкімдігінің «№ 6 «Көктем» балабақшасы» МКҚК
консультациялық пункттер **ЕРЕЖЕСІ**

1. КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕР

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік және консультациялық көмек көрсету жөніндегі консультациялық пункт қала аумағында № 6 «Көктем» балабақшасы (бұдан әрі - № 6 «Көктем» балабақшасы) қолжетімділігін, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыратын консультациялық көмек көрсету;
- мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы проблемаларды тану, диагностикалау;
- № 6 «Көктем» балабақшасына бармайтын балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) көмек көрсету;
- ата-аналарды (заңды өкілдерді) балаға оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсететін білім беру жүйесінің ұйымдары туралы хабардар ету.

3. Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру қағидаттары:

- құпиялық қағидаты: баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата-анасының келісімінсіз жария етілмейді;
- кешенділік қағидаты: ата-аналармен жұмысты әртүрлі бейіндегі мамандар тобы жүзеге асырады;
- ғылымилық қағидаты: мектепке дейінгі ұйым ұсынатын ақпарат сенімді/растаған болуы керек;
- қолжетімділік қағидаты: ата-аналарға арналған барлық ақпарат артық терминологияны қолданбай қол жетімді түрде беріледі.

4. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру

4.1. № 6 «Көктем» балабақшасының базасындағы консультациялық пункт қалалық Білім басқармасының бұйрығы негізінде балабақша меңгерушісінің ішкі бұйрығымен өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып, кадрлық, қажетті бағдарламалық-әдістемелік материалдарды қамтамасыз ете отырып құрылады және № 6 «Көктем» балабақшасына жарғысында көрсетіледі.

4.2. Консультациялық пункт № 6 «Көктем» балабақшасы меңгерушісінің бұйрығымен бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

4.3. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) тікелей жұмысты консультативтік пункт мамандары (штат кестесіне сәйкес педагог-психолог, тәрбиешілер, музыкалық жетекші, дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы, әдіскер және басқа да қызметкерлер) жүзеге асыра алады.

4.4. Мамандар ата-аналарға (заңды өкілдерге) ұсынымдар береді және оларға өз құзыреті шегінде консультация береді. Көмек тегін көрсетіледі. Ата-аналар (заңды өкілдер) алғашқы жүгінген кезде консультация ала алады немесе № 6 «Көктем» балабақшасының нақты қызметкерімен кездесу туралы келісе алады.

4.5. Ауызша консультациялардан басқа ата-ана (заңды өкіл) баспа (буклеттер, жадынамшар, практикалық материалдарды іріктеу) және электрондық тасығыштарда (фото және бейнематериалдар, флэш-карталар, балабақша сайтына кіру) пайдалы ақпарат алады.

4.6. Консультациялық пункт мамандарының жұмыс режимін № 6 «Мирас» балабақшасының жұмыс режиміне сүйене отырып, меңгеруші дербес айқындайды.

4.7. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысандары:

- . жеке және кіші топтық кеңестер;
- . семинар-практикумдар;
- . дөңгелек үстелдер;
- . мәлімделген мәселе бойынша тақырыптық сабақтар;
- . пікірталастар;
- . тренингтер;
- . ашық сабақтар.

4.8. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) топтық сабақтардың жиілігі айына 1 рет, жеке сабақтардың жиілігі белгіленген кестеге сәйкес ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттілігіне қарай айқындалады. Ата-аналарға кеңес беру ұзақтығы 30 минутқа дейін.

4.9. Кіші топтық сабақтардың болжамды тақырыбын балабақша мамандары анықтайды, бірақ ата-аналардың сұраныстарына сәйкес өзгеруі мүмкін.

5. Консультациялық пунктке басшылық ету

5.1. Консультациялық пунктке жалпы басшылықты № 6 «Көктем» балабақшасының меңгерушісі жүзеге асырады.

5.2. № 6 «Көктем» балабақшасының меңгерушісі: В.С.Капарова

- ата-аналармен консультациялық жұмыс жүргізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді;

- кеңес беру жұмысы үшін педагогтерді таңдайды.

6. Консультациялық пункт қызметінің негізгі мазмұны

6.1. Консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру № 6 «Көктем» балабақшасы мамандарының қызметін кіріктіру негізінде құрылады.

6.2. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.

6.3. Консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялар, теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастырылуы мүмкін.

6.4. Консультациялық қызмет келесідей мәселелерді:

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктерін;

- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктерін;

- ерте жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік

дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алуды;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму бұзылыстарын түзету және дамытуды;

- балаларды әлеуметтендіруді;

- балаларды балабақшаға барған кезде бейімдеуді;

- дамыту бағдарламасын таңдауды;

- ойын әрекетін ұйымдастыруды;

- балалардың тамақтануын ұйымдастыруды;

- балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасауды;

- балаға жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсете алатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау жүйесі ұйымдары туралы ақпарат беруді қамтиды.

7. Консультациялық пункттің құжаттамасы

7.1. Консультациялық пункттер көрсетілген әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, диагностикалық және консультациялық көмектің есебін жүргізеді (кесте, жұмыс жоспары, консультациялық пункт жұмысын есепке алу журналы, мектепке дейінгі жастағы балаларды үйде тәрбиелеп отырған

отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмекке консультативтік пунктіне баратын ата-аналарды (занды өкілдерді) тіркеу журналы);

7.2. Консультациялық пунктіндегі ата-аналардың өтініштерін есепке алу журналында мамандар қабылдаған күні, уақыты, тақырыбы, сұрақтары, кеңес берушінің аты-жөні және маманның ұсыныстары көрсетіледі.

7.3. Консультациялық пункттің қызметі туралы есеп жылына 2 рет әзірленеді және ағымдағы жылдың 30 маусымы мен 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Білім басқармасына (әдістемелік бөлімге) жолданады.

8. Консультациялық пункттің жұмысын бағалау критерийлері

Консультативтік пункт жұмысының нәтижелілігін бағалауды және анықтауды ата-аналар әрбір кездесуден кейін жүзеге асырады, ол үшін ата-аналарға сауалнаманы толтыру ұсынылады (сауалнамаға арналған сұрақтарды мамандар дербес дайындайды). Сауалнама деректері бойынша жылдың соңында қорытынды шығарылады.